

Ертеңгі күнге деген сенім

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 2 курс студенті

Парламент сенаты мен Мәжілісі басшылығымен, Премьер-министрмен және Конституциялық кеңес Төрағасымен ақылдасқан Президент қазіргі тұрақсыз геосаяси жағдайлар мен жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде халықтың аландаушылығын сөйлітіп, ертеңгі күнге деген сенімдерін нығайту үшін сайлау өткізу туралы шешім қабылдады. Ал негізінен Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттілігінің аяқталуына әлі бір жыл қалған болатын. Дегенмен де 25 ақпан күні Қазақстан халқына жолдаған үндеуінде алдағы 26 сәуірде кезектен тыс президент сайлауы өтетіндігін мәлімдеді. Президент сайлауына түсуге осы жолы 27 адам ниет білдірген еді. Оның екеуі – әйел. Ал 2005



екі сайлау өткізу елімізге тиімсіз және әлемдік аренада Қазақстан беделін түсірмей, басқа елдермен достық-ынтымақтастық қатынасты одан әрі дамыту керек. Қазіргі таңда болып жатқан Араб елдеріндегі, Еуропа және Украина мәселелерінде Қазақстан оңашада қалмай, ортақ бәріне тиімді шешімдерді ұсынуы керек. Ал ондай идеялар мен шешімдерді жалпы Қазақстан халқы атынан айтатын көшбасшысын қазіргі таңда таңдап алмаса, жылдар өте әлем елдерінің елімізге деген көзқарастары оңынан болмауы мүмкін. Және де Қазақстан халқы өз алдына қойған ұзақ мерзімді мақсаттарын экономикалық және дағдарыстан шығынсыз шығып жүзеге асыруы үшін демократиялық жолмен сайланған басшысына ғана сеніп тапсыра алады. Сондықтан Қазақстанның келешегі «сіз бен біздің болашағымыз» үшін осы сайлауға бір атаның баласындай жұмыла атсалысып қатысуымыз қажет».

Дамира Нұрланова,
Қостанай политехникалық колледжнің 2 курс студенті:

«Бұл сайлау Қазақстан үшін және оның халқы үшін өте маңызды. Алда келе жатқан ғаламдық дағдарысқа төтеп беру үшін, ел басшымыз дұрыс болуы қажет. Сондықтан сайлауға ат салысу әр қайсымыздың міндетіміз».

Шәкәрім Серікбай,
ҚМУ құқық және тарих факультетінің 3 курс студенті:

«Сайлауға қатысу мына біз үшін жауаптылық жүгін сыйлайды деуге болады. Себебі, елдің, онда тұрып жатқан халықтың болашағын сенімді қолға тапсыру мәселесінде қателесуге болмайды. Әлемде болып жатқан түрлі саяси тұрақсыздықтар мен ішкі-сыртқы жанжалдарды көріп отырған біздің ел үшін, алдағы президенттік сайлауда өз дауысын ел жүгін арқалай алатын тұлғаға табыстау өзекті болып табылады. Мен өз басым бұл сайлаудан тыс қалмай, 26 сәуір күні сайлау участкесіне барып өз таңдауымды жасаймын. Бұл менің саяси, азаматтық борышым!»

Мөлдір Есенғали, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ Агро техникалық университеті, ветеринария және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру факультетінің 1 курс магистранты:

«Елдің елдігін айқындайтын тілі, рәміздері, шекарасы мен қатар, болашаққа бастар елбасының болуы шарт екені бәрімізге мәлім. Сайлау сенің таңдауыңның белгісі ғана емес, ертеңгі болашағыңа деген таңба. Сондықтан да сайлауға әркез аса үлкен ілтипатпен қараймын. Бәлкім менің дауысым көп дауыстармен араласып шешуші де болмас, бірақ менің азаматтық позициям үшін шешуші болатыны анық. Бағзы заманнан бері таңдалған басшыларын ақ киізге салып патша атаған, біз кешегі дана халықтың саналы ұрпағы да өз басшымызды таңдауда белсенді болғанымыз абзал. Бүгінгі таңдау, ертеңгі көркем өмір».

Айтқын Қапаң, ҚМУ гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 1 курс студенті:

«Сайлауға қатысу ол әрбір адамның еріктілігі де, дегенмен оған қатысу кез-келген азаматтың борышы болып табылады. Біз бірінші рет өз дауысымызды бергелі отырмыз және бұл дауысымыз еліміздің ертеңі мен мемлекетімізге жаны ашитын адамдарды көрсетеді. Осындай сайлау құқығына ие болып, еліміздің көшбасшысын сайлау біз үшін үлкен мәртебе!»

Исламбек Кәкімбек, ҚМУ инженерлік-техникалық факультетінің 1 курс магистранты:

«26 сәуірде өтетін кезектен тыс президент сайлауы Қазақстанға керек. Себебі дағдарысты уақытта 2016 жылы

Ұлы Отан Соғысының ардагерлерімен кездесті



Ұлы Отан Соғысының ардагерлерімен кездесу – бұл маңызды іс шара болып табылады. 18 наурыз күні инженерлік-техникалық факультетінің оқу залында ардагерлер, оқытушылар және студенттер сұрапыл соғыстың соққысын көрген жандардың оқиғаларын тыңдап,

өткен кездерді еске алуға жиналды.

Степурин Николай Пантелевич және Петрукович Михаил Федорович. Екі ардагеріміздің екеуі де соғыстың ауырлығын өз көздерімен көрген жандар. Олар өз тәжірибесімен және өздерінің естеліктерімен келешек ұрпақпен

бөлісуге әрқашан дайын. Николай Пантелевич 1926 жылдың 1 мамыр айында Қостанай қаласында дүниеге келген, өскерге шақырылып 7 жыл борышын атқарды. 43-45 жылдары Үшінші Балтық Фронтының құрамында Эстонияда, Польшада, Германияда соғысты.

Михаил Федорович, соғыстың бастауы болған, Беларусь елінің тумасы. Ол кезде не бары 14 жаста еді. 44-45 жылдары ол Венгрияда және Чехословакияда соғысты. Кейінірек бүкіл евразия континенті арқылы Михаил Федорович Жапонияға келеді, ал 46 жылы Куриль аралында болды.

Екі ардагер, екі тағдыр, екеуі де әртүрлі және ұқсас, ал соғыс кезінде осындай миллион тағдыр болды. Біреуі тірі қалды, біреуі соғыста қаза болды, бірақ олар біз үшін күресті, сол үшін біз мәңгілік қарыздармыз!

Ұлыстың ұлы күні

Жұлдыз ТОСОВА,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 1 курс студенті

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған. Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Ол туралы оқытушыларымыз да айтып отырады.

Ақылбек Шаяхметов, профессор, ҚМУ доценті: «Наурыз құтты болсын! Қой жылы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болсын! Алдымыздағы асымыз халал, досымыз адал болсын, басқа бас, жасқа жас қосыла берсін. Наурыз кішкене жел аяғы кеңігесін, күн мен түн теңескен 22-ші наурызда басталады. Негізінен 22-сі деп те айтуға болмайды, 21 күні десек те болады. Ал енді Арқа, Жетісу өңірлерінде, Батыс жағында наурыздың ортасынан бастап, наурыз көже пісіріліп, таратылып, шеке беріп, бір-бірімен көрісуі бастала бастайды. Наурыз, әрине қазақтың күнтізбесі бойынша қазақтың Жаңа жылы. Оның

сыртында Наурыз айында ауыл тұрғындарының аузы сүтке жетіп, мал төлдейтін уақыт. Осы кезде жас көшектер отырғызылады. Бұл тек қазақ халқының мерекесі емес, бүкіл түркі тілдес халықтың төл мерекесі. Біз наурызды көп жағдайда Парсы тілінен аударып «ноу» және «рыз», яғни жаңа күн деген мағынада деп айтып жүрміз. Олай болуы да мүмкін, бірақ оның сыртында қазақта «нау», «науша» деген сөздер бар. «Науша» деп жаңа өскен шыбықты айтады, сосын «ырыз» деген сөз бар. Ол сөздің өзі ырыздық, ырыз, елге келетін құт-береке мағынасын береді. Сол тұрғыдан наурыз сөзі Парсы тілінде «жаңа күн» дегенді білдірсе, соңғы «руз» сөзі күн

бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыз пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз - көктемгі жаңарудың, махаббаттың, ақпейіл мен татулықтың мерекесі. Ол - өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, На-



емес, ырыздық деген мағынаны білдіреді деп ойлаймын өзім. Наурыз тойында Қыдыр ата келеді, жақсы үйлерге батасын береді, наурыз көжеден дәм ауыз тиеді. «Жөн білмеген балаға Қыдыр ата дарымас» деп Ыбырай Алтынсарин айтпақшы, Қыдыр ата орыстың Аяз атасы сияқты барлық үйге кірмейді. Ол дастарханы баталы, шаңырағы аталы, негізі бар некелі, жеті атасы жетелі үйлерге кіреді. Сондықтан Қыдыр ата батасы қабыл болсын, Наурыз құтты болсын!».

Алмас Әбсадық, ҚМУ бірінші проректор: «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі баршамызға құтты болсын, бақыт өкелсін! Тарихи тамыры тереңге

урый баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

Міржақып Дулатов мынадай пікір айтқан, «Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі». Шынымен де күн жылынып, қар еріп, мал өріске шыққан кезде тойланатын мерекеміз алысты жақындатып, ағайын-туыстың басын қосады».